

ӘОЖ 070.19(574)

**«ТҮРКІСТАН УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» – ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ АЛҒАШҚЫ
ҚАРЛЫҒАШЫ**

Серикова Бибихан Габитовна,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Журналистика және репортерлік іс мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **Алдабергенов Қырықбай Мазанович**

Газет Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап 1882 жылға дейін, 12 жыл қатарынан айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығып тұрған. «Түркістан уалаятының газеті» қазақ қоғамы үшін өз заманының «көзі, құлағы, үні болды. Газетті шығарудағы негізгі мақсат Ресей патшалығының отаршылдық саясатын күшейте түсу болғанымен, ол өз халқына бағыт-бағдар беруші рөлін атқарды. Басылым ресми және ресми емес деп аталатын екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімінде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланса, ресми емес бөлімі саудадан мәдениетке дейінгі аралықтағы қазақ даласындағы тіршіліктің барлық қырларын қамтыды. Шындығына келгенде XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей патшалығының отаршылдық езгісінің астында қалған қазақ халқына «Түркістан уалаятының газеті» жарқын болашақтың барлығынан үлкен үміт сыйлады. Газетте азаттық пен әділдік турасында түрлі мәселелер қозғалды. Бұған газет беттерінде қазақ даласындағы Кенесары хан, Сырым, Исатай-Махамбеттер бастаған азаттық көтерілістерінің жазылуы куә.

Газеттің редакторы Шахмардан Ибрагимов болды. Ол башқұрт ұлтының өкілі болғанына қарамастан, қазақ халқының намысын қорғады. Шахмардан қазақ тіліндегі алғашқы басылымның редакторы ретінде – қазақ журналистикасының тарихында мәңгі сақталған есім. Ол газетке редактор болып отыз жасында келеді. Газеттегі қызметіне дейін Шахмардан аудармашы, мұғалім болып қызмет етіп, «Қазақтарды басқару» комиссиясының мүшесі болған. Оның қазақ баспасөзінің қарлығашы «Түркістан уалаятының газетіне» сіңірген еңбегі мол. Редактор газет бетіндегі материалдардың дұрыс жазылуына, тіл тазалығына, сөйлемдердің лексикалық құрылымының дұрыстығына баса назар аударып отырған. Шахмардан Ибрагимовты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, мәдениетін білетін жан-жақты зерттеуші десе де болады. Оған оның «Қазақ халқының этнографиялық очеркі» (1876 ж.), «Қазақ халқының молдалары туралы» (1874 ж.), «Қазақ соты туралы жазбалар» (1878 ж.) деген әлі күнге дейін мән-мазмұнын жоғалтпаған еңбектері куә.

Сонымен қатар Шахмардан Ибрагимов қазақ тарихында алғаш рет Шоқан Уәлихановтың еңбектерін жинап, бір жүйеге келтіруші ғалым ретінде де танымал. 1870 жылы генерал-губернатор Кауфман Алтын Емелге барып, Шоқанның бейітінің қараусыз қалғанын көріп, қатты қынжылғаны белгілі. Осыған сәйкес «Түркістан уалаятының газетінің» редакторы өзі басқаратын басылымға Шоқанның дүниежүзі ғылымына сіңірген еңбегі туралы мақала жариялап, қазақтың мұндай мың жылда бір туар перзентін бағалауға, оның ескерткішін баптауға шақырған. Осындай оң істердің нәтижесінде Шоқанның ескі қабірі жанартылып, халықтың алғысына ие болады. Бұдан басқа Шахмардан Ибрагимов Шоқан Уәлихановтың үмірбаяны мен ғылыми қызыметіне арнап бірнеше мақала да жазған. Мәне, өздеріңіз куә болып отырғандай қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашының басында ұлты башқұрт болса да, қазақты өзіндей көріп, қадірлеген Шахмардан сынды азаматтың болуы қазақ журналистикасы үшін ұмытылмас тарихи іс болды.

Жоғарыда қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болғанына биыл 150 жыл толып отыр дедік. Бұл қазақ журналистикасының тарихына бір жарым ғасыр деген сөз. Сондықтан «Түркістан уалаятының газеті» - қазақ мерзімді баспасөзінің бастау бұлағы, түп тамыры деуге лайықты атақ. Өкінішке орай газет 1882 жылы ешбір себепсіз жабылып қалады. Оның басты себебі басылымда – Ресей патшалығының мүддесіне қарағанда қазақ халқының мүддесінің көбірек жазылуы еді. Өйткені, редакцияның өзіндік позициясы болды. Редакция Ресей патшалығының саясатына деген қарсылығын ашық білдіруге бара білді. Оны патша жарлығымен қазақтардың ең шұрайлы жерлерінің орыс переселендеріне күшпен тартып алынып беріліп жатқандығы турасында материалдардан айқын байқауға болады.

«Түркістан уалаятының газеті» ағартушылық қызметпен де айналысты. Басылым беттерінен білім және ғылым, әдебиет пен мәдениет, тарих пен этнография тақырыптарына көптеген материалдарды кездестіруге болады. Редакция ұжымы алғашқылардың бірі болып қазақты өз перзенттері Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерімен таныстырды. Сонымен қатар ол орыс және Еуропа халықтарының білім мен ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті туралы да көптеген танымдық материалдар беріп тұрды. Газет беттерінде түрлі саладағы тіршілікті қалай жүргізу керектігі жөнінде ақыл-кеңестер де көптеп кездеседі. Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашының қалам тартқан тақырыптары қазіргі тілмен айтқанда әмбебеп болды деуге болады. Қазақ тіліндегі алғашқы газет ретінде баспасөзге тән жанрлар осы жарияланымның беттерінде түзіле бастағаны

хақ. Мұнда алғаш рет орыс журналистикасының әсерімен заметка, корреспонденция, мақала, фельетон, очерк сынды баспасөз жанрлары бой көрсетті.

Орыс ғалымы Николай Остроумов «Петр ведомстволарының» XVII-XIX ғасырларда орыстар үшін қандай маңызы болса, «Түркістан уәлаятының газетінің» қазақтар мен өзбектер үшін сондай маңызы болды» [1], – дейді. Бұл газеттің сол уақыттағы қазақ халқының саяси, шаруашылық және мәдени өміріндегі рөлінің қаншалықты зор екендігін байқатады. Газет қазақ халқының тіршілігінің барлық майданындағы проблемалар ашық түрде жазылып, жан-жақты ақпараттандыруы арқасында болашаққа жол салады. Мұның өзі «Түркістан уәлаяты газетінің» түпкі мақсаты онда қызмет жасағандардың халық қамын ойлауларының арқасында патша өкіметі талап еткендіктен өзгеше бағдарламамен шығып тұрғандығын байқатады. Бұның өзі төл басылымымыздың шын мәнінде, қазақ халқының сауатын ашумен, мұң-мұқтажын айтумен айналысқанын байқатады.

Жоғарыда атап өткеніміздей Патшалық Ресейдің түрлі жымысқы саясаттарына қарамастан «Түркістан уәлаятының газеті» ел өмірінде болып жатқан жаңалықтарды да барынша шындық тұрғыда жариялап отыруға тырсты. Мысалы, басылым өзінің 1870 жылғы 4-нөмірінде Түркістанда алғаш рет почта-телеграф қатынасы ашылғандығы жөнінде ақпарат берген. Бұл – көшпенді халықтың өмірінен берілген үлкен жаңалық болатын. Себебі, газет шығып тұрған жылдары қазақ халқының өмірінде де үлкен өзгерістер болған еді. Соның бір жарқын мысалы – қазақ қоғамында жаңадан қалыптаса бастаған өндіріс салалары болатын. Қазақ баспасөзінің қарлығашы бұл тақырыпты да молынан қамтығаны байқалады.

Басылымның саяси ұстанымдары икемді болды. Ол Ресей патшалығының отаршылдық саясатын іс жүзінде жүзеге асырып отырса да, оған қарсы келетін тақырыптар туралы да жазды. Мысалы, газеттің 1871 жылғы 14-нөмірінде басылған «Генерал-губернаторға қараған жерде болған уақиға» деген материал отаршылдық езгіге қарсы халықтың тарапынан болған бас көтеру жайында еді [2]. Ол тұста мұндай қадамға бару өте қауіпті болатын. Сондықтан біздерді ол заманның баспасөзінің осыншалықты батыл және қауіпті қадамға баруы таңғалдырмай қоймайды.

«Түркістан уәлаятының газеті» – қазақ халқының соңғы ширегінің он екі жылдық тарихи шежіресі. Себебі, XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Қазақстанды Ресей патшалығының толығымен жаулап алуымен байланысты қазақ халқы малы мен жерінен айырылды. Соның салдарынан жергілікті халық ғасырлар бойғы тіршілік салтын өзгертіп, отырықшылыққа көшуге, егіншілік шаруашылығымен айналысуға мәжбүр болды. Адамдар өміріндегі осындай тарихи өзгерістер туралы қазақ баспасөзінің қарлығашы көптеген материалдар жариялағаны мәлім. Солардың бірінде егін шаруашылығы пайдасы туралы жазылған. Осыған орай егін шаруашылығы турасында егістік басындағы зиянды жәндіктерді жою жолдары жайындағы түрлі пайдалы кеңестер молынан берілген [3].

Қазақ баспасөзінің қарлығашы «Түркістан уәлаятының газеті» түрлі танымдық материалдарды да молынан қамтыған. Олардың арасында ғаламшарлар туралы түсінік, Магеланның жердің шар тәрізді екендігінің қалай дәлелдендігі сынды қызықты мақалалар баршылық [4].

Басылымда жоғарыда айтылған мәселелермен қатар түрлі әлеуметтік жайлар да барынша ыждаһаттылықпен жазылып тұрған. Мысалы, ол замандағы ең басты әлеуметтік проблемалардың бірі әйел теңдігі болатын. Газет бой жетпеген қыз балалармен некесін қиып алатын молдаларды, қызын малға сататын кедейлерді, қазақтың ескірген әмеңгерлік сынды салттарын сын қамшысына алған. Осы тақырыпқа қатысты түрлі авторлар өздерінің әлеуметтік мәселелер тұрғысындағы либералдық көзқарастарынан хабар беріп отырған. Мысалы, бір автор әмеңгерлік жайында «Байы өлген қатын басы бос болып, өз ықтиярымен қалаған адамдарына баруы керек» [5],- деген батыл ойларын күн тәртібіне шығара білген.

Қорыта айтқанда «Түркістан уәлаяты газетінің» қазақ баспасөзіндегі алар орны ерекше. Ол алғашқы баспасөз үлгісі ретінде қазақ журналистикасының дамуына сара жол салған басылым. Сондықтан, биыл қазақтың баспасөзінің қарлығашы - «Түркістан уәлаяты газетінің» ғана емес, жалпы қазақ журналистикасының да 150 жылдық тарихи мерей тойы. Міне, содан бері бір жарым ғасырлық тарихы бар қазақ журналистикасы бүгінгі күні заманның ағымына қарай жаңарып, қазақ халқы үшін қызмет етіп келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ журналистикасының тарихы, Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразаев.- Алматы: 1996, 2012, 2014.
- 2 Алаш көсемсөзі, көптомдық. Қ. Сак. –Астана: 2000-2010.
- 3 Қазақ совет баспасөзі тарихынан, Б. Кенжебаев.-Алматы: 1956.
- 4 Көне басылымдар.Құнды деректер.Аяулы есімдер. –Алматы: 1998. Қ.Алдабергенов, Ж.Нұсқабаяев.
- 5 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары –Алматы: 1964.